

ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«№50 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №50» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЕ
ГОРОДА УРАЛЬСКА

БҚО, Орал қаласы, Зачаганск кенті,
Сарытау ш. а. С.Айтқұлов көшесі, құр 63
тел./факс: 8 (7112) 30-17-39
e-mail: 50shkola@list.ru

ЗКО, город Уральск, поселок Зачаганск,
мкр Сарытау, улица С.Айтқұлова, ст-с 63
тел./факс: 8 (7112) 30-17-39
e-mail: 50shkola@n

Бұйрық № 32

02.09. 2020 жыл

Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының» IV-тарауын орындау мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының сақталуы қатаң жауапкершілікке алынсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары құрылсын. (қосымша 1)
3. Жасөспірімдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттілікке тәрбиелеу мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылсын. «Адалдық дүкені» жобалары жоспарланып жүзеге асырылсын.
4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы ата-аналарға, оқушыларға, мектеп қызметкерлеріне түсінік жұмыстары жүргізілсін. Ақша жиналуына тыйым салынсын.
5. Сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін камтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте жұмыс жасайтын барлық мұғалімдер мен қызметкерлер таныстырылып, қолдары қойдырылсын.
6. «Парасатты азамат» «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы тақырыбымен акпараттық бұрышты безендіру жұмыстары мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Куанаеваға жүктелсін.
7. «Сенім» жәшіктерге келіп түскен азаматтардың өтініштері, ұсынысы мен арыздарын, «Сенім телефоны» бойынша түскен өтініштер мен

арыздарды талдау арқылы жемқорлық көріністерді мониторингілеу жұмыстарын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Қайыркүлмен психолог С.Абдрахмановаға жүктелсін.

8. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстардың жауапкершілігі мектеп директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Г.Жукееваға жүктелсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Негіздеме: ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заны және ҚР Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы

Мектеп директоры



М.Жумагазиева